2. Мал сүйегін жақпа, ақты төкпе, себебі тірі малдың сүйегі сырқырап, желіні іседі, малсыз қалып, жоқшылыққа ұшырайды деген ұғым бар.
3. Қазақ мал, адам санамайды, себебі: кемиді деп есептеген.
4. Итті теппе, су шашпа. Ит - жеті қазынаның бірі.
5. Пышақтың жүзін жалама, кезенбе, себебі пышақ ұзарып кетеді.
6. Таңертеңгі асты тастама, кешкі асты бақпа, себебі таңғы ас - тәңірден дегенді білдіреді.
7. Нанды шашпа, баспа. Нан - өмір нәрі.
8. Туысыңа ит, пышақ сыйлама, себебі араз болып қалуың мүмкін.
9. Күлді, тұзды баспа, шашпа, аяғың ауырады.
10. Жағыңды, беліңді таянба, тізеңді құшақтама. Тек қаралы адамдар ғана осылай отырады.
11. Бас киімді лақтырма, теппе, басың ауырады [3, 16].

Ырым-тыйымдар жеке өмір сүре бермей, кейде мақал-мәтелге де айналып кетеді. Себебі, ырым-тыйым мен мақал-мәтел екеуінде де халықтың ғасырлар бойы табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды бақылауында туған нәтижелер қорытындыланады. Мысалы, «молаға қарай жүгірме», «асты қорлама», «жылағанға күлме» деген тыйымдар «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді», «Асты қорлама, құстырады», «Ерді қорлама, састырады», «Күлген күле жетеді, екі етегін түре жетеді» деген түрде мақал-мәтелге айналғанын көруге болады. Сонымен бірге, кейбір ырым-тыйымдар қарғысқа да айналады. Мысалы, «құр бесікті тербетпе» деген тыйым «құр бесікті тербетіп қал!» пішінінде қарғыс сөз болып айтылады. Мақал-мәтелдер тереңнен қозғап, кең толғап ой тұжырымының мәйегі, қысқа да нұсқа түйіні ретінде философиялық категория болып саналады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп ұлағатты ойшыл ұстаз Әбунасыр әл – Фараби айтқан біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру және ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған, ұлттық тәлім нәрімен сусындаған халық игілігін жасаушы болашақ азаматты тәрбиелеу ел ертеңі ел болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың білімдар, саналы да салауатты, «Сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсуіне, жақсы азамат болып қалыптасуына жол көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Жилкубаева А.Ш. Түркі этномәдени кеңістігіндегі тағам атауларының жүйесі. Ғылыми монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 229 б.
2. Ахметова З. Қазақтың ырым-тыйым сөздері. Алматы. 1990. – 162 б.
3. Қайрат Ғабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Арыс. Алматы. 2006. – 166 б.

Л.С.Омирзакова

Семей қаласы, «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК
Жетекшісі – А.К. Бейсенова қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні оқытушысы

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН КҮШІКБАЙ БАТЫР

Күшікбай батыр Руы Тоқа Бесім Шығыс Қазақстан облысының Уақ елінен шыққан. Мырзамбетұлы Күшікбай батыр Жасыбай батыр немересі. Бұл кісі шамамен 1787 жылдар шамасында туып, 1853 жылдардың мұғдарында дүние салған. Мырзамбеттің ағасы Қалманбетте бала болмаған. Содан інісінің алғашқы туған ұлдары Күшікбай мен Ескенені бала

қылып алған.Күшікбайдан бірінші әйелінен Айдарбек, Өтебай, Сәмек, Темірбек, Шыңыбек, тоқалынан Сеңгір, Орақ, Бұлғақ туған. Бұлардың барлығы да рулы ел.

Семейден Қарауылға бет алған тасжолдың бойында жолаушылар жиі аялдайтын мекеннің бірі – Күшікбай кезеңі.Қазақ тарихындағы айтулы батырлардың бірі Күшікбай есімімен байланысты бұл мекен ұлы қаламгеріміз Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесімен де кеңірек мәлім."Өлі разы болмай тірі байымайды" демекші, Күшікбай батырға арналған монументтің ашылу рәсімімен бірге оның аруағына бағышталып құран-қатым түсірілді. Батырға арналған монумент кескінін сипаттай кетсек: Монументтің жалпы көрінісі батыр дулығасының сипатын білдірсе, үстіңгі бөліктегі ойық – домбыраның нұсқасын білдіреді. Монументтің ұшар басы көкке мойын созған аққуды суреттейді. Сонымен бірге батырдың найзасы мен қалқаны да мүсінделген.

Күшікбай бабамыздың бұлағының басына жолаушылар демалатын орынның жұмысы 2002 жылы жасалынды. Бүгінде бұлақтың басы – на 2350 м² асфальт төселініп, арнайы саяжай орындықтар қойылды.Қазіргі уақытта бір арқардың мүсіні мен ұзындығы 3 м. пано орнатылып, онда Күшікбай бабамыздың өмірбаяны мен жерлес ақынымыз Төлеген Жаңғалиевтің өлеңі жазылды. Күшікбай бұлағының басына келген қонақтар аталған орынмен, батыр бабамызбен танысып, өмір тарихын көкейлеріне түйіп жүрсін деген ниеттен туындаған ілкімді іс бабалар рухына үлкен құрметтің бастауы екендігін білдіреді.

Күшікбайдың кім екендігін, басынан қандай дәурен кешкендігін әрлі-берлі өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді. Оларға білдіретін заманның шежіресі – дәурені өтіп кедейлік басқан, көңілсіз салқын өмірге түскен кәрілер болатын. Бұдан соңғы білдірушілердің көбі өткен-кеткен керуенге көп сөйлесіп дағдыланған, ауыл иесі болған соң, алдынан ешкім шықпай, жаман әдеттеніп, өтірікшілеу болған адамдар болатын. Бұлардың көбі әңгіме айтудан бұрын, азырақ шарт керек қылушы еді.

«Пәленше атыңды алып кетті» деген ағайынның жетімсіген сөзін естігенде, жаны шыдамай,ауруымен алысып, жылқыдан ат алғызып, жалаңаш етіне бір шекпенді кие салып,жауының артынан қуып кетіпті. «Батырды мұқаттым» деп, үйіне келіп, жаңа жайланып, жауы отырғанда Күшікбай атын ойнақтатып, найзасын түйіліп, өрт сөндіргендей болып зәрін шашып, жетіп келген. Сол бетімен ауылдағы самсаған сары қолға:«соғысамын, қан төгемін» деп әлек салған. Бірақ жиылған елдің ішіндегі басты адамдар: «Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп араздаспасын» деп, ат-шапан айыбымен Күшікбайдың атын қайырыпты. Батыр еліне қайта қайтқанда, ауруы меңдей бастап,атқа әрең жүріп, осы күнгі бейіті тұрған биіктің басына келгенде мұршасы құрып,найзасын тіреп аттан түсіпті. Сонан соң басын оңға қаратуға ғана шамасы келіп,жан-тәсілім қылған. Артынан ағайын-туғаны жылап барса, шешегінің ауыздарыншекпен қажап, қотырының суы шекпеннің сыртына шып-шып шығып кеткен екен дейді.Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен деп, бағанағы кәрі әңгімесін тоқтатушы еді. Бұл әңгімені айтушы адамдар Күшікбайдың кім екенін жұртқа танытқанда, өзінің сол батырдың ұрпағы екендігін көңіліне бірталай қанағат қылып, бойы көтеріліп, көңлі күңгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еді.

Тақырыбымды қорытындылай келе мен Күшікбайды нағыз батыр деп санадым.Ол ерлікпен ШҚО-ны қорғаған. Көне тарих – халқымның өмірінің, әдеп- ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ежелгі көрінісі. Қорыта келгенде, менің жүргізілген зерттеулерім тарих ғылымының түпсіз терең, құпиясы мол әлем екенін дәлелдей түседі. Дана халқымыз өзінің бай, тағылымға толы мұрасымен ұрпағына адамдыққа толы тәрбие бере білген. Оны ежелден келе жатқан тәрбиелі өсиеттерден көріп отырмыз. Бұл тақырып әлі де толығырақ зерттеулерді қажет етеді деп ойлаймын.Қазіргі заман тарих ғылымының өте кең, жан- жақты тараған кезеңі.

Әдебиеттер

- 1.Тұрсын Жұртбай ,Қаракөк
- 2.Жұртбай Тұрсын.Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға) – Алматы:Алаш,2004
- 3.Дала даналары

Ә.С. Амангелді

Семей қ. Семей көп салалы колледжі
Жетекшісі – С.К.Исина, қазақ тілі оқыту әдістемесі мұғалімі

ТЕМІРҚАЗЫҚ СӨНГЕНШЕ СӨЗІ ӨЛМЕЙДІ

*Барыңды, Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Фибрат алар артына із қалдыр,
Шын бақыт – Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!*

Ш. Құдайбердіұлы

Өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті:

Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы,
Түбі жүрек, болады мида басы.
Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық,
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.

«Алмас қылыш жатпайды қын түбінде» демекші, қара күш қанша құлыптап ұстаса да, қара құлыпты қақ жарып, Шәкәрімнің өнер нұры жарқ етті. Ол терең ойға құралған, күмістей жарқын жырлар жазуды мақсат еткен. Өлеңдері мыс араласпаған таза күмістей, тереңнен толғап, жүрек сырын шертерліктей болуын, ұйқасы жатық болын көздейді. Кейде ол Абай шығарған өлең өлшемдерін, шумақ түрін, ұйқастарын қолданып жырлайды.

Шәкәрім революциядан бұрын сыншыл реалист ақын ретінде қалыптасты, ой өрісі, идеялық мақсат-мұраттары жағынан демократтық халықтық, гуманистік-ағартушылық бағытты өмірінің соңына дейін ұстанды. Шәкәрім творчестволық қызметтің бірнеше саласында – поэзияда, прозада, аудармада, трактат жазуда, журналистикада үлкен мұра қалдырды. Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірбаянындағы ұтымды ерекшеліктердің бірі ол ұлы Абай Құнанбаевтың ең жақын адамдарының қатарында екендігі, тікелей тірбие, әсер, ықпал алуы. Сол ықпалмен 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы ұлттық сөз өнерінің танымал тұлғаларының бірі әрі Абай дәстүрін жалғастырған, эпикалық жанрда ерең еңбек еткен қаламгер ретінде қалың елге танылды. Шәкәрімнің қаламгерлік қызметі тек ақындықпен, аудармашылықпен шектелмейді. Ғұлама еңбегі сан салалы. Оның суреткер ретіндегі мұрасының бір тармағы – проза болса әйел бостандығы, ескі қазақ аулындағы саяси-әлеуметтік жағдай туралы жазылған “Әділ – Мария” повесі, басқа тұрғыдан көрінетін тағы бір мол арна – тарих пен философия.

Сондай-ақ, ғалам болмысы, замана тұрпаты, адам табиғаты мұсылмандық шарты, ар, иман, ұждан сынды үш анық, хандар шежіресі, ел тарихы туралы көп толғанған Шәкәрім өмірдің мәні, дүниенің баянсыздығы жайында да көп жазған еді:

Қайғы емес қаза, Болмаймын наза, Ноқталы басқа бір өлім, – деп, жас кезінде-ақ өмірдің өтпелі кезін мойындаған ақынның, алпысқа аяқ артқан шағында: "Қаласың қай сайда..." – деп, өз өмірінің немен тынарын болжаған ақынның қайғылы қазаға ұшырауы да, көмусіз, отыз жыл бойы ойпаңда, құр құдық түбінде қалуы да шын трагедия емес. "Туған жан өлмек, Тағдырға көнбек", – деген Шәкәрімнің өзі көзі тірісінде сипаттап кеткен. Ең үлкен қайғы, шын трагедия – Шәкәрім мұрасының елу жыл бойы жабулы жатуы. Қысастан өлген ақын жаны бір сәт қана азап шексе, өзінің ең елеулі қайраткерлерінің бірін санатқа қоса алмаған рухани мәдениетіміз жарты ғасыр бойы жапа көріпті. Сол кемістіктің орны енді ғана толып отыр.

Мәшһүр әулиенің айтқаны келіп, екеуі бір жылда дүниеге келіп, бір жылда дүниеден өтеді: өзі қарашада өз ажалынан, ал Шәкәрім қажыны күз ортасында атып, сол маңдағы құдыққа тастап кеткен.

Шәкірімнің асыл мұрасы, рухани байлығы-көркем өнер сиқырлы сырымен, сырлы мүсінімен ғасырлар бойы шамшырақтай жарқырап, адамгершілік диқаншысы болып, адалдық үшін күресіп, ұрпақтан ұрпаққа асқар ойдың иірімі, болмыстың бейне-келбеті болып сара жолын сала бермек.

А. Сәрсенбекова

«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицей» КММ
Жетекшісі –Ж.А. Кабыланбекова

ШӘКӘРІМ МҰРАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИІРІМДЕР

Алдына үлкен мақсат қойған адамзаттың барлық ұлы азаматтары тәрізді Шәкәрім де өз өмірінде мақсатына қол жеткізе алмады. Оның себебін қажы өзі былай деп жазады:

«Айтқанымды, аңсаған арманымды орындауға қолым жетпеді, әлім келмеді. Қатыгез заман, қайрымсыз, қатал, мансапқор басшылар көнбеді. Көз байлаған құлар, жайдары пысықтар, алдампаз, арам сопылар, парақор ұлықтар көндірмеді. Мен жалғыз қалдым, өз ойымды, өз арымды сақтап қалайын деп, жапаша қаштым. Сондағы менің ойым, мақсатым не, білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғанмын. Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым... Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына арнамақ. Тарихтың осындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасы болмақ. Сол іргетастың бір керегіне жарарлық тас сынығын таппақпын, соны жазбақпын. Соны іздегеннен басқа өмір маған қалған жоқ, балам!»

Шәкәрім қажы алдына осылай ұлы мақсат қойып, өмірін келешек ұрпақ қамына, адамзат қамына арнаған. Ол оның сенім артып, атап отырған біз болсақ, онда біз де ұлы бабамыздың бұл сеніміне сай болуымыз керек. Сол үшін ең әуелі ойшыл өзі іздеген іргетастастың тас сынығын тапты ма екен, әуелі соны анықтап, ал тапса – ол не нәрсе, соны біліп, ақырында, ақынның өзі армандағанындай, ол тапқанын біз керегімізге жаратсақ, сонда дұрыс болар еді. Оның жолын ақын өзі былай көрсеткендей болады:

Қырықтан соңғы қырымды,
Сынамақ болсаң түрімді.
Көрейін десең нұрымды,
Жидағы оқы жырымды.

Шәкәрімнің рухани деңгейін шын танып, оған дұрыс өзіндік бағасын берген зерттеулер де аз емес. Мысал ретінде олардың арасынан Шәкәрім мен Л.Толстойдың рухани үндестігін көрсете отырып қазақ сахарасынан шыққан ой алыбының әулиелік қасиеттерін ашуға арналған. 2001 жылғы «Қазақ әдебиеті», сонан соң «Жан құмары» газеттерінде жарық көрген ғалым Боқаштың мақалаларынан байқауға болады.

Шын мәнінде басқаның ойын тек ғана жоққа шығарумен шұғылданатын, не болмаса оны бұрмалайтын сыңаржақ сыншыны жетілудің, яғни табиғаттың жауы деуге болады. Себебі, жетілу бүкіл табиғат заңдылығы болуға тиісті, сондықтан кезі келгенде барлығыда жөнделіп, дамуы керек. Ал жетілу дегеніміз-алға жылжу, өрлеу. Сондықтан ойдың дамуына бөгет болатын жөнсіз сынаушылық пен пайдасы жоқ нәтижесіз оқу-дамудың екі жауы болмақ.

Шәкәрім жоғары рухани нәтижеге қалай жеткен деген сұраққа келер болсақ, әрине, ең әуелі төрт-бес тілді меңгеріп, көп елді аралап, әлемнің білікті адамдарымен танысып, сұхбаттасып, өіне керекті білімді тауып ала білгендігін айту керек. Бірақ ең маңыздысы бұл емес. Ең маңыздысы –оның солардан алған білімін, оқып білгендерін өз бойында жинап қала қоймай, оларды ой елегінен өткізе отырып, жетілудің іргетасына айналдыра білуінде. Яғни, Шәкәрім білім алып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол білімді болмыс заңдылықтарын түсіну үшін өмірде пайдалана білді. Бұл ойшылға алған білімін іргетас ретінде пайдаланып, оған өзінің рухани мұрасының ғажайып ғимаратын орналастыруға мүмкіндік берді. Яғни, ол өзі тапқан әрбір ой тұжырымын сақтап, оны ары қарай дамыта отырып, өзінің мақсатына жетудің құралына айналдыра білді. Осылай ұлы ойшыл бұрынғы ойларды өмірге пайдалана отырып, жетілудің

үлгісін көрсетті. Шәкәрім өзінің оқып білгендерін өмірден, табиғат көріністерінен таба біліп, ары қарай тереңінен түсініп, болмыстың терең сырларын ашқан ғұлама. Көптеген жыл бойы да басына, елсіз жайлауға кетіп өмір сүруінің де себебі де, пайдасы да, міне, осында жатыр. Ол оқып-тоқыған білімі арқасында өмірге ғана емес, сонымен бірге сезімдерін көріп – білуге болмайтын ішкі көмескі өмірге де үңіліп, соның нәтижесінде болмыс құпияларын түсіне білді.

Егер адам баласы шын пейіл, таза ақылмен іздесе мәңгілікті және шексіз ақиқат адамға өзі ашылады. Адамзат қауымында даналық қуған мұндай адамға барлық жағдай бар. Қазіргі заманда даналық іздеп, жетілемін деген адамға түрлі рухани жазбалар жеткілікті. Мұны «Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас» деп Абай бабамыз да ескертіп кеткен. Абай көрсеткен қасиетті төрт кітаптан басқа түрлі әулие-әмбие, даналардың жазғаны бір төбе. Сондықтан қазіргі кездегі халықтың рухани төмендігі даналық жазбалардың жеткіліксіздігінен емес, жоғарыда айтылған білімді игеру тәсілдерінің және оларды игеруге деген шын ниеттің жеткіліксіздігінде деп айтуға болады. Шәкәрім тұжырымы бойынша, бұл тығырықтан шығудың бір-ақ жолы бар. Ол-бізге берілген еркіндікті дұрыс пайдаланып, көңілді бұрыс жолдан дұрыс жолға бағыттап, соған байланысты әрекет ету керек. Барлығы пейілдің дұрыстығына байланысты. Бұл-жетілудің алғашқы алыбы, қадамы ғана тәрізді. Сонымен бірге жетілу жолының, белгілі бір жоғары дәрежесінде көтерілгенде ақиқаттың алғашқы, шын мәніндегі тазалығын керек қылатын сәт туады. Хақиқат әуелгі ашылғанда шындық, бірақ ол ғасырлар бойы қолдап қолға өтіп, қабылдаушының табиғатына байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда өзінің алғашқы таза қасиетінен айырылып, жалған түрге түседі. Кейде бұрынғы мағынасынан мүлде басқаша, тіпті, қарсы мағынада алады. Бұған қазіргі замандағы діндердің жағдайы, олардың өздерінің алғашқы табиғи жағдайын орындай алмауы, соның салдарынан қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың көбеюі жақсы мысал бола алады. Осыны жақсы түсіне білген Шәкәрім «Пайғамбар Мұса жолықса» атты ой толғауында қазіргі замандағы негізгі діндерді сынай отырып, әрі қарай былай деп жазады:

Бұл күнде дұрыс иман жоқ,
Шатақ дін нәпсі тыйған жоқ.
Ақылы саудың ойына,
Алдамшы діндер сыйған жоқ.

Осылай Шәкәрім дұрыс иман болмағандықтан діндер адам көңілін нәпсіден Құдайға аударуға арналған өздерінің табиғи міндетін орындай алмай, ақылы сау адамның ойына жат, шатаққа айналғанын көрсетеді. Бүгінгі заманда іздесе де анықты (Алла тағаланы) ешкім таба алмай жүр. Себебі, өлімді залым қылатын шатақ дінге қақпақ жоқ.

Қазіргі дәуірдегі өздерінің алғашқы міндетінен айырылып, қалған діндердің міндетін жақсы түсінген Шәкәрім өзінің рухани жолындағы діні ғана емес, басқада адам ойын шектейтін философиялық көзқарастардың, тіпті, адамзат қабылдаған данышпандардың да шырмауында қалып қоймай, ойына ерік беріп, оқып-тоқығандарын тек қана жүрек таразысына салып, таза ақылмен салып отырған. Бұған Шәкәрім шығармаларынан көптеген мысалдар табуға болады. Мысалы, ол «Үш анық» шығармасында осы қасиетін жақсы білдіріп, ол өлең жолдарымен былай өрбітеді:

Ақылдан адас қалмайын,
Бос жетекке бармайын,
Дәлелсіз сөзді алмайын,
Көтермейтін қиқаңын.

(«Қырықтан соңғы иманым»)

Немесе ол бұл ойын «Арақ-ақыл, мастық-ой, жар-Хақиқат» атты өлеңінде былай деп түйіндейді:

Пайғамбар, әулие айтты десе дағы,
Ақыл қабыл алмаса, ол маған жат.
Шатақ дінге, әлетке не білгішке,
Ноқталатпай ойымды қылам азат.
«Ақылға билетпеген-пенде айуан»,
Десемде бола қоймас сөзім ағат.

Құранның шын мағынасын шатақ ұғып,
Молдалар маған қоймақ кәпір деп ат.
«Ақылыңа сынат деп,- дәлел айтқан,
Құраннан табылады талай аят.

Құранға сүйене отырып, жалған молдаларды сынап әркімнің қолынан келе бермейтін осындай бағылдыққа барған Шәкәрім қажы, әрине, өзінің рухани деңгейін және тарихтағы алатын орнын жақсы түсінген.

Шәкәрімнің жеткен рухани деңгейін «Ләйлі-Мәжнүн» және өзінің жан дүниесінің хал ахуалын білдіретін «Ажал маған арақ берсең», «Ақылдан ойға сыр тарап», «Жүректен аққан қанымнам», «Өмір сырын көздесең» тәрізді 70 жасында жазған «Иманым» деп атаған өлең жинағынан көре аламыз. Шәкәрімнің тапқан ақиқаты-жүрек көзі арқылы алынған таза ақиқат. Бұл оған жан сырына үңіліп, құпиялардың құпиясы болып табылатын адам мен Алла тағаланың қарым-қатынасы, жан, рух, тән туралы және олардың байланыстарын ашуға мүмкіндік берді.

Сонымен, ерік адамға берілген ең қымбат сый. Сол ерікті дұрыс пайдаланып, көңілін рухани болмысқа аударған адам өзінің мақсатына жете алады. Ал ол қымбат сыйды дұрыс пайдалана алмай, өзінің нәпісіне беріліп, дұрыс жолдан бұрыс жолға түсіп кетсе, онда табиғаттың әділет заңдылығы бойынша бұл фәни әлемнің терең тұңғиығына батып, өзіне тиесілі азапты несібесін алады. Шәкәрімнің өмірі мен артына қалдырған терең сырлы мол рухани мұрасы, міне, осыны паш етеді.

Әдебиеттер

1. Досым Омаров «Шәкәрім шыңы» Алматы 2008 ж. 130-132 б.
2. Тұрдықұл Шаңбай Алматы 2007 ж. 302 б
3. Қайым Мұхамедханов Алматы 2005ж. 124-125 б
4. Т.Шаңбай «Ұғым мәдениеті» Алматы 2009 ж 116-118 б

Н. Қаттабаева

ШҚО білім басқармасы Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің
«№5 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жетекшісі – А.О. Джуматаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ӨКПЕТІ БАУРАЙЫНДАҒЫ МАЛТҮГЕЛДІК БЕЙНЕЛЕРДІҢ ЕРҒАЗЫ РАХИМОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА СУРЕТТЕЛУІ

Ерғазы Рахимов қаламынан туған шығармалар түп-түгел Аягөздің кешесі мен бүгінінен сыр шертеді. Тарбағатайдың ұңғыл-шұңғылын, сай-саласын, аң-құсын, қараған-бүргеніне дейін жан-тәнімен жырлаған, қара сөзбен сырлаған Ерғазы тас жарған талант еді. Ерғазы шығармаларының алтын өзегі көбіне ел жұртының тағдыры, атамекені Тарбағатай тауының тарихы болып келеді. Ерғазы Рахимов Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі болғанымен, шығармалары жергілікті өлкенің аясынан асқан жоқ. Аягөз жұртшылығы ол кісінің шығармаларымен жақсы таныс болғанымен, бүкіл қазақ халқына таныла қоймады. Алғашында аудандық, облыстық газеттерде басылып жүрген лирикалық өлеңдері, көркем очерктері мен қысқа әңгімелері оқырман қауымды тілінің сонылығымен, ойларының құнарлылығымен бірден елең еткізді, көп ұзамай республикалық басылымдарда жарияланған туындылары арқылы елімізге талантты ақын, майталман журналист ретінде танылды.

Қаламгердің 70-ші жылдардың басында шыққан «Сүрі қар», «Зейнел күйі», «Жырлайды жүрек», «Мұңсызбайдың мұрагерлері», «Терісайрық», «Ымырт пен қобыз» атты өлең – дастан, әңгіме, повесть жинақтары елімізге кеңінен танымал болды. Онымен қоса Ерағаң көптеген таңдаулы жазушылардың біріккен жинақтарына енген. Көркем сөздің поэзия, проза, сын және журналистика саласының тізгінін түгел ұстай білген дарын иесі. Көптеген Аягөздік қаламгерлердің тәлімгер ұстазы. Аяулы қаламгердің бірнеше ертегілер жинағы, «Қорымсу» романы жарияланбай қалды. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай өңірінде, Аягөз қаласынан

онтүстік-шығысқа қарай 86 км жерде Малтүгел ауылы орналасқан (тұрғын саны 283). Жан-жақты талдаудың нәтижесінде Е.Рахимов шығармаларының тәрбиелік мәні мен танымдық қырлары ашыла түсті. Малтүгелдік бейне арқылы қазақ халқының қазақы болмыс – бітімін сақтауымыз керек. Кейбір шығармалары қолды болып та кеткен бе деп ойлаймын. Жазушы кейіпкерлерінің кейбірі Тарбағатай өңірінде өмір сүрген адамдар. Кейбір қылықтар жазушының өз бейнесі.

Сондай шығармаларының бірі – «Боз төбе» повесі. Кейіпкерлері: Жанайдар, Ақбидай, Раздан, Қафез, Әйтiш, Башары, Қоқыр, Бейсен.

Жанайдар-кесек мінез, шыншылдығымен, досқа, жарға адалдығымен дараланған образ. Нақақтан-нақақ Қазан революциясының алаң-елең шағында жалаға ұшырасады, өз аяулы жарын, туған жерінің топырағын аңсап еліне оралады. Өз кінәсіздігін дәлелдейді. Алайда Раздан секілді арам ниетті адамның арбауына түсіп, алданып қалғанын білген әйелінен айырылып қалады.

Ақбидай бейнелі адам жүрегін еріксіз шымырлатады. Ақбидай ақ көңіл, пәк арлы мінезімен ерекшеленген образ. Ол өзінің алданғанын тек «өлді» деп сендірген жұбайы – Жанайдар аман-есен елге оралғанда ғана біледі.

Раздан – өз мақсатына, ниетіне қол жеткізу үшін арам пиғылды істерден де тайынбайтын жағымсыз кейіпкер. Өкініштісі сол мұндай адамдар қоғамда әлі де бар.

Түйдек – түйдек сөз өрнегін қиюластырып дәл келтірген жазушы атағы жер жарған жазушылардың тісі батпай жүрген ашаршылық кезді де суреттеген. Осындай біртуар аяулы, ақылшы азаматтың өмірден ерте кеткені өкінішті-ақ, әрине. Қытай мемлекетінде дүниеге келіп, Кеңес үкіметінде жоғары білім алып, өзіндік сөз саптауы бөлек, дара тұлға болу екінің бірінің қолынан келмес. Менің ұстазым Аманғайша Омарғазықызының айтуынша: «Марқұм Ерғазы аға өлеңді де өте тез жазып тастаушы еді, өзі сырттай оқығанын айтып, «сырттайдың сырттаны едік», - деп отыра тұғын. Сөйтсем, сырттан дегені қасқырдың төресі екен ғой. Шынында да, марқұм Ерғазы аға сырттан еді», - деп еске алады.

Жазушының мұрасын оқи және зерттей отырып, мынадай ой түйдім. Жазушы Ерғазы Рахимовтың құнды дүниелері оқулық бағдарламасына енгізілсе, құба-құп болар еді. Жанға жара салмайтын мысқыл мен қазақы қалжыңнан өрілген туындылары шәкірт жүрегіне жол табары сөзсіз. Әрбір ұрпақ тұщы туындылар арқылы қазағымның болмыс-бітімін еске сақтап, сүйіспеншіліктері артады. Төл туындымен мейірі қанғанша сусындайды. Өмірде қалжыңның астарын түсінетін ұрпақтар тәрбиеленеді. Ерғазы Рахимовтың шығармаларынан «Ерғазы оқулары» өтіп жатса, Ерғазы Рахимов есімі бір мектепке берілсе, жерлес жазушыға көрсетілген құрмет.

Б. Сәрсенбаева

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» ҚМКҚ
Жетекшісі – Е.Б.Нурпеисова

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЙШЫҚТАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жамбыл өлеңдеріндегі айшықтаудың сан алуан түрі кездеседі, әсіресе қайталаудың көп кездесетіні – анафора мен эпифора[1].

Эпифоралық, яғни сөйлем соңында келіп қайталанатын сөздер, сөйлем мүшелері өлең көркемдігін күшейтеді, шығарманың әсерлілігін үстөп, мазмұндық ерекше әр береді. Сөйлем соңында не тармақ аяғында келген эпифоралық қайталаудың етістік баяндауыш түрінде келетінін, олардың сөйлемдегі қызметі туралы Р.А.Досжанова: «Сөйлемдердің соңында қайталанып келетін эпифора ойды аяқтап, етістік баяндауыштан болып, қайталаманың молшылығын жасайды. Қайталаманың молшылығы конструкцияның толық синтаксистік параллелизмімен қамтамасыз етіледі», – деп көрсетеді [2].

Бұған мысал ретінде Жамбылдың «Мөңке туралы» өлеңін алуға болады.

Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді...

Осы шумақтарда сөз соңында келген етістіктердің қайталанып келуі арқылы ойды түйіндеп, сол сөздерге ерекше екпін түсіріп, оқырман назарын аударуда маңызды рөл атқарып тұр.

Елім менің жерге **бай**,
Айдынды шалқар көлге **бай**,
Төрт түлігі мыңғырған,
Егісі көз тұндырған,
Тауы тола кенге **бай**... («Еліме»)

Жамбылдың мына шумақтарынан есімшенің –**ған**қосымшасымен келген етістіктердің баяндауыш қызметінде тұрып, сол күйінде бірнеше сөйлемдердің байланысын жасау амалын көруге болады:

Жаз жайнап, жан-жануар жанаттанған,
Жадырап май айында науаттанған,
Су ағып, жер айналып жанарланған,
Жиһанда біздің таңдай таң атпаған,..... («Жаз» өлеңі)

Ақын туындыларының жанрлық болмысымен байланысты сұраулық мәндегі тіркес тұлғалар да эпифоралық қайталауға жиі түсіп жатады. Олар да әр сөйлемнің соңғы бөлігіндегі орындары арқылы өздерінің шешуші рөлін байқатады. Төмендегі шешендік толғаудың негізгі ойын беруде сұраулық шылаудың (бе) мәні ерекше.

Түне күнгі кеткеннен
Ғали жаңа келдің бе?
Алғадайдың мүрдесін

Жол-жөнекей көрдің бе? («Алғадай туралы әрбір ой»)

Қорытындылай келе, Жамбыл өлеңдерінің тілі бай, көркемдік құндылығы ерекше, қуатты поэзия. Ол жылдар өскен сайын жарқырап, халық игілігіне айналары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат. – 2002.
2. Өмірәлиев Қ. XIX–XX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. XV–XIX ғғ. – Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
5. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999.

А.Курманова

Семей қ., «Гуманитарлы –экономикалық колледж» мекемесі
Жетекшісі – Р.К. Касенова, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ӨМІРІ

Өмірбаяны Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қызыл ауылында дүниеге келген. Әке шешесінен ерте айырылған Қасым жоқшылықты көп көрді. Байлардың есігінде жүріп, қозысын бағып, тезегін теріп күн-көріс жасады. Ақынның болашақта қажырлы қайратты, тік мінезді болуы осы көп-көрген қиыншылықтың себебінен.

Қасым алғашында ауыл молдасынан білім алады. Кейіннен жамағайын ағасының көмегімен Семейдегі интернатқа ауысты. Онда 3 жыл білім алады. Кейіннен Семейдегі «Мал дәрігерлік» техникумын оқып бітірді. Ленинградтағы «Орман шаруашылығы» институтына түскенімен, денсаулығының сыр беруіне байланысты оқуын жалғастыра алмай елге қайтты. 1930 жылы Алматыда «Лениншіл жас» газетінде жұмыс атқарды

Қасымның арынды ақын ретінде қалыптасуына Орал қаласының тигізген әсері ұшан-теңіз. Осы өңірде жүріп ол ең алғашқы алаулаған махаббат туралы, жалынды жастық жайындағы жырларын дүниеге әкелді. 1935 жылы Оралдың театр труппасын ұйымдастырып, оның жұмысын іскерлігінің, шығармашылық әулетінің арқасында дөңгелетіп әкетті. Бұл труппа тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылды. Осы кездері ақынның әншілік, әртістік қырлары кеңінен танылған болатын.

1936-1941 жылдары Қ. Аманжолов Алатау баурайындағы ару қала Алматыға барып, сол кездегі басбасылымдар болып саналған «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, Жазушылар Одағында қызмет атқарады. 1938 жылы Алматы қаласында Қ. Аманжоловтың тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен жарыққа шығады. Бар мұрасын жинақтап бастырғанда 3 томдық кітап болды. Жинақтары 1955-1957 жылдары жарық көрді.

Қ. Аманжоловтың шығармашылық өмірбаянында Ұлы Отан соғысы жылдары өте ерекше орын алды. Ол 1941 жылы армия қатарына шақырылады. Соғыс кезінде Қиыр Шығыста біраз уақыт қызмет етіп, кейін майданға ауыстырылады. Содан соғыс аяқталғанға дейін «қанды қырғын мен қып-қызыл өрттің ішінде» болады. Ақынның ең керемет өлеңдері майданда болған кезінде жазылған. Намысшыл, өжет, қайсар Қасым жауынгерлік қызметін жан аямай атқарды. Қиыр Шығыс пен Батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, Қазақстанды қақ жарып өтетін әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде «Сарыарқа», «Орал», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келді. Ақын рухының қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белестерден көрінді. «Елге хат», «Ұлы Күтіс», «Подполковник Әлпинге», «Ғалиға жауап», «Сен фашистің, мен қазақпын», «Дариға сол қыз» сияқты хрестоматиялық өлеңдері мен әйгілі «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы-соның айғағы.

Аманжол-Рахымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.

Қорытындылай келе ақын бар болғаны 44 ғана өмір сүрді. Қасым Аманжолов өмірдің көлеңкелі жақтарын көп көріп, өз заманында тиісті бағасын ала алмаған. Сөйте тұра өлеңді өмірінің өзегі еткен. Қасым өзінің аққан жұлдыздай жарқ етіп өткен қысқа ғұмырында халқына туған жері мен еліне баға жетпес мұраларын қалдырып кетті. Сөзіміздің соңын Сырбай Мәуленовтың «Ақын жасы жылдармен өлшенбейді, елге берген еңбегімен есептеледі. Иә Қасым ел-жұртын аралап келе жатыр... Оның өлеңдері жылдар қанатымен бірге самғап, келешек күндердің кеңістігіне көтеріледі» деп берген әділ бағасымен аяқтасақ.

Әдебиеттер

1. Р. Зайкенова, Р. Сакенова, Л. Н. Нұрланова, Қазақ әдебиеті қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. 2020 жыл.
2. Ә. Мұхтарова «Қазақ әдебиеті дидактикалық материалдар» 11 сынып, Алматы «Мектеп» 2018 жыл.

Ұ. Оралқасым

Жарма ауданы, Шар қаласы, «Жарма технология колледжі» КММ
Жетекшісі – С.К.Кожебаева, қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

«Мен кетермін, сөз қалар...» Шәкәрім халық шығармашылығының түрлі бастауларынан, Шығыс пен Батыс әдебиетінің өнегесінен нәр алды. Оның есімін мәңгілік биік тұғырға қондырған ұлы мектеп Абай негізін қалаған жаңа сипаттағы әдебиет дәстүрі болса, екіншіден, ойшыл, суреткер, ақын ретінде қалыптасуына қазақтың ежелден келе жатқан аса бай ауыз әдебиеті мұрасы өз ықпалын тигізгенін көреміз.

Жастайынан үлкен жиын тойларда сал-серілер салған ән, тартқан күйлерді естіп, ақындар айтысын қызыға тыңдайды. Айналасындағы адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеттерінен бастап, халықтың тәуелсіздігіне дейінгі мәселелердің бәрі де Шәкәрімнің жырларына арқау болды. Абайдың тікелей тәрбиесін көрген шәкірт Шәкәрім өзінің көлемді де көркем шығармашылық мұрасын дүниеге әкелу барысында қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы, тіпті бүкіл ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы өзіндік орны бар көрнекті ақын, тамаша жазушы, білікті аудармашы, ойшыл философ, білімдар тарихшы, сыршыл сазгер дәрежесіне көтерілді.

Шәкәрім – сазгер. Сегіз қырлы, бір сырлы Шәкәрім ойлы өлеңдеріне ән де жазған өнерлі сазгер болды. Бұл ақынның керемет өзгешелігі, талант дәрежесінің биіктігі. Шәкәрім Құдайбердіұлының музыкалық мұрасы 15 ән, 2 күй, 8 әуенмен орындалатын 4 эпикалық шығармадан құралады. Баласы Ахат Құдайбердиев 1966 жылы әкесінің 14 әнін магнитофон лентасына жаздырады. Өз өлеңдеріне арнап ән жазған композитор. Сезімді жүрегінен әсем әуенді әндер туды. Әсіресе оның «Бұл әң бұрынғы әннен бөлек», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» атты әндері нәзік сыршылдығымен, сезімге байлығымен, композициялық тұтастығымен есте қалады.

Шәкәрім әндерін алғаш нотаға түсірген голландық Альвин Бимбоэс. «Музыкалық этнография» жинағына орыс тілінде 2 әні жарық көрді. Затаевичтің 1925 жылы шыққан «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына «Тілек – бата» деген атпен енген.

1931 жылы «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жиырма үш жасымда», «Жылым – қой, жұлдызым – июль», «Қорқыттың сарыны», «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де», «Сұраған жанға сәлем айт», «Сен ғылымға ынтық болсаң», «Байғазы» әндері бар. Шәкәрімнің әншілік мұрасын жиналып зерттелуіне көп еңбек сіңірген өз баласы Ахат Құдайбердиев еді.

«Анадан алғаш туғанда» әнінде адам өмірінің бар болмысын айқындап, қысқа ғұмырдағы пендешіліктің бет-болмысын әшкерелей отырып, кісілікке, парасаттылыққа шақырады. «Еркіндік жолын табамын деп, ойлаған екем басында» деген ән жолдарында қазақ халқының шарасыздығына мойын сұнғанын көндіге отырып, «Патша боп қанша тұрсаң-дағы, бір күні ол дәурен солмай ма?!» деп ағынан жарылып, қазақ халқының тәуелсіз, еркіндікте болатынына сеніммен қарайтының көруге болады. Ән әуені өлең сөздерімен ұштасып, тыңдаушыларға байыппен, ырғақты үнмен жеткізіледі.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» әнінің өлең жолдарында:

«Ән – өлшеуіш, өлең – күміс,

Қоспаңыз мыс аралас.

Артық алу, не кем салу,

Қапы қалу жарамас.»-деп әннің үні мен сөзі үйлесімді, басқа ноталармен араласпауы керектігін түсіндіреді. Шәкәрімнің әндері қазіргі таңда да халқымыздың жақсы көретін әншілердің орындауындағы сүйіп тыңдайтын әндердің бірі болып табылады. Мысалы, Жанболат пен Жазираның орындауындағы «Анадан алғаш туғанда» әні, Тамара Асардың «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» әнін, айтуға болады.

Этнограф Садық Қасиманов өз естелігінде: «Мені аса таң қалдырған нәрсе – Шәкәрімнің өлеңдері мен өлеңдеріне шығарған өз әндері. Ол өз әнін орындаушыға: «Домбыраны шерткенде асықпа, жылдамдатып ұра салма, тақтайды беталды тарсылдата берме, ән әуеніне қарай саусақтар да кербез, әсем қимылдауы керек» – дейді. Демек, Шәкәрімнің өте талғампаз, адам жанымен сырласа білетін ақын, композитор екенің көреміз. Өлі де Шәкәрімнің музыкалық мұрасы толық жиналып, зерттеле беретіні сөзсіз.

Қ. МҰХАМЕДХАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Зерттеудің өзектілігі: «Қайым Мұхамедханов және қазақ әдебиеті» атты тақырыпта біраз уақыттан бері өзіндік ізденіс жұмысын жүргізуде. Қарастырылған жобада Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығы, қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі еңбегі, сонымен қатар оның қаламынан туған пьесаларын драматургия саласындағы өзіндік орнын айқындап, оның драматург ретіндегі шығармашылық қырын өте анық ашып, көрсету міндеті болып отыр. Қ.Мұхамедхановтың ғылыми, шығармашылық мол мұрасы, өмірі туралы мәселені қозғауы құптарлық іс.

Жазушының өміріне, драматургия саласында Қайым Мұхамедхановтың қалдырған мұраларына тоқталу үлкен жетістік. «Қайым Мұхамедханов және қазақ әдебиеті» атты ғылыми жұмысы ауқымы кең, өзекті, әлі де көп ізденісті қажет ететін жоба.

Зерттеудің мақсаты: Қайым Мұхамедхановтың мұраларын жинақтап, өмірі мен шығармашылығын зерттеу.

Зерттеу нысаны: Қайымтану

Зерттеу пәні: Қазақ әдебиеті

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, Қайым Мұхамедхановтың өмірі зерттеліп, оны дамыту жолы анықталса, онда Қайымтану сыныптары жоғарғы оқу орындарының барлығында ашылып, студенттер оның шығармашылығы, өмірімен таныс болар еді. **Өйткені**, қазіргі кезде бұл үлкен қажеттілік.

Зерттеудің жетекші идеясы: Қазақ әдебиетінің ірі тұлғалармен тереңірек танысуға қызығушылығын арттыра отырып, олардың Қайым Мұхамедхановтың шығармашылығына деген өзіндік көзқарасын қалыптастыру, шығармаларының бүгінгі күндегі маңыздылығын ұғындыру.

Зерттеу көздері: Қайым Мұхамедхановтың шығармалары:

Мұхамедханов, Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы. Алаш, 2005. – 352 б.

Т. 2: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005. – 344 б.

Т. 3 : Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы.: Алаш, 2005. – 328 б.

Т. 4: Абай мұрагерлері. Естеліктер. – Алматы: Алаш, 2005. – 328 б.

Т. 8 : Аудамалар. Мақалалар / ред. А. Аубакиров. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – 320 б.

Мұхамедханов, Қ. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі // Абай. – 1992. – No 1. – Б. 38-42.

Мұхамедханов, Қ. Білімдіден шыққан сөз // Абай. – 1992. – No 2. – Б. 44-55.

Мұхамедханұлы, Қ. Мұхтар кешкен қилы заман // Абай. – 1992. – No 3. – Б. 78-82.

Мұхамедханов, Қ. Қазақ өлең, жырларының орыс тіліне алғашқы аудармасы // Абай. – 2002. – No 3. – Б. 25-26.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

- **Бірінші кезеңде (26.10-1.11)** – зерттеу мәселеріне байланысты ғылыми еңбектерге талдау жасалынып, отандық және түркі халықтарының материалдарына талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми аппараттары нақтыланды. Тәжірибе іске асырылды. Материалдарды талдау нәтижесінде ретінде постерлер дайындалды.

- **Екінші кезеңде (2.11-8.11)** – болашақ студенттердің, яғни мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту моделі әзірленіп, оның көрсеткіштері, деңгейлері, өлшемдері анықталды. «Қайымтану» тақырыбында анкета жүргізілді.

- **Үшінші кезеңде (9.11-15.11)** – сауалнама жүргізу барысында алынған мәліметтердің қорытындысы шығарылды, нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Ғылыми жоба талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері:

- ✓ Қ.Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты материал жинақтау.
- ✓ Анкета жүргізу.
- ✓ Қорытындысын шығару, өңдеу.
- ✓ Баяндама жасау.
- ✓ Сюжеттер мен таныстыру.

СЕКЦИЯ № 5: ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ

СЕКЦИЯ № 5: РУССКАЯ И ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ

А.Р. Макашева

КГУ «СОШ № 41» г. Семей

Руководитель – Е.А. Дьякова, учитель русского языка и литературы

ТЕМА ВОСТОКА В ЛИРИКЕ И.А. БУНИНА

Актуальность данной темы определяется прежде всего необходимостью современного осмысления становления и развития темы Востока в лирике Ивана Алексеевича Бунина. Исследование по данной теме может быть полезным при изучении восточных мотивов в творчестве Абая и Шакарима, других поэтов Казахстана, на творчество которых оказало влияние наследие И.А. Бунина. Цель: исследовать восточные традиции в творческом восприятии И.А. Бунина, определить аспекты восточных религий, которые затрагивает писатель в своих произведениях, глазами современного человека, читателя XXI века. Гипотеза: синтезируя опыт религиозных культур народов Востока, сопоставляя их ответы на «вечные вопросы», Бунин находил истины, свойственные всему человечеству. Для Бунина Восток не был экзотикой, он изучал его на всех уровнях (литературном, историческом, религиозном, бытовом). «Писатель изучает труд французского ориенталиста Масперо «Древняя история народов Востока», знакомится с оригинальными произведениями древнеиндийской литературы и книги о буддизме. Например, Сутта-Нипата – наиболее древняя часть буддийского канона, в которой значительное место уделяется нравственно-этической проблематике» [1, 2]. В 1903-1912 годы восточная тема является ведущей в поэзии Ивана Бунина. Из 262 его стихотворений этого периода более ста посвящены ориентальной теме. Бунин писал: «Все мои самые заветные странствия там...», «Восток – царство Солнца. Востоку принадлежит будущее» [3]. Стремление увидеть всё своими глазами заставляло Бунина совершать многочисленные путешествия, «паломничества». По свидетельству биографов, только Константинополь он посетил тринадцать раз. 1903 году перед своим путешествием в Турцию поэт в первый раз целиком прочёл Коран, который, как он сам говорил, «очаровал его». «...Ислам вошёл глубоко в его душу» [4]. В стихотворении «Айя-София» (1903-1906) поэт рассказывает о мусульманском богослужении. До мельчайших деталей передаются Буниним само богослужение в мечети и ощущения присутствующих (смирненная, священная тишина и воркование голубей, как будто зовущих «к тебе, Любовь, к тебе, Весна»). Детально описывается намаз «пастухов пустыни»: прощание с солнцем, снятая обувь, преклонённые колени, закрытые «в сладком страхе» очи, омовение лиц песком из-за отсутствия воды, сравнение распростёртых на земле людей с морской волной, молитва: «Разверни же, Вечный, над пустыней... Книгу звезд небесных - наш Коран!» [5]. Известен перевод Абая 1893 года раннего стихотворения И. Бунина «Не пугай меня грозой» (1888). «Бунин и не подозревал, что в далекой Алма-Ате под редакцией М.О. Ауэзова издан академический том великого казахского поэта, где есть и его стихотворение» [6]. «Творчество Бунина имеет значение для осмысления творчества Абая и Шакарима» [7]. В результате проведённого исследования мы пришли к выводу, что Бунин оригинально писал о Востоке, проникал в психологию и реальный мир восточного человека. По мнению Бунина, среда, характер, колорит должны возникать из непосредственно увиденного и прочувствованного материала. Обращение Бунина к Востоку имело не религиозный, а мировоззренческий интерес. В отличие от поэтов Серебряного века он предпочитает создавать не ориентальные, стилизованные тексты под восточную лирику, а оригинальные, отмеченные глубоким знанием восточной культуры. Предлагаемая работа может быть полезна учителям и учащимся средней школы в качестве пособия к урокам литературы, на факультативных занятиях, при проведении внеклассных мероприятий и классных часов по поэзии И.А. Бунина и культуре Востока и влияния поэзии И.А. Бунина на поэзию Абая и Шакарима.

Литература

1. Бабореко А.К. И.А. Бунин. Материалы для биографии с 1870 по 1917 год. М., 1983. – 351 с.
2. Мирза-Авакян М.Л. Работа И.А. Бунина над темой Востока: творчество писателя и литературный процесс. Иваново, 1981. С.216-227.
3. Бунин И.А. Собр. соч.: В 9 т.т. М., 1967. – 5346 с.
4. Проходова В.П. Мусульманский Восток в лирике И. Бунина. М., 2003. – 189 с.
5. Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток (из истории литературных связей) Алма-Ата, 1982. – С. 11.
6. Канапьянов Б.М. «Радушно распахнуты двери поэту...» // Казахстанская правда. – 2020. – 20 мая
<https://www.nkzu.kz/files/jubilees/abay175/rainbow.pdf>
7. Джуанышбеков Н.О. «Абай и Пушкин как деятели национального возрождения»
<http://abai.kaznu.kz/rus/?p=368>

Д.Б. Хорун

КГУ “Новопокровская средняя школа”
отдела образования по Бородулихинскому району
управления образования Восточно-Казахстанской области
Руководитель – З.З. Хусаинова, учитель английского языка

О ЧЕМ ГОВОРЯТ НАДПИСИ НА ОДЕЖДЕ?

Актуальность выбранной темы состоит в том, что одежда с надписью стала неотъемлемой частью гардероба школьника, так как в условиях пандемии в школах отменена единая школьная форма. Проблема заключается в том, что не все знают, какую смысловую нагрузку несут надписи на одежде.

Объектом изучения являются надписи на иностранном языке на одежде учащихся нашей школы.

Предметом исследования нашей работы является та информация, которую несут надписи на одежде.

Цель исследования: установить зависимость смысловой нагрузки надписей на одежде от уровня владения английским языком.

Задачи были следующими: собрать надписи на одежде и выполнить их перевод на русский язык; провести анкетирование, узнать отношение к данной проблеме; обобщить полученные данные и прийти к определенному заключению.

Гипотеза исследования – исследуя содержание английских надписей на одежде, подростки будут серьезнее подходить к выбору одежды с надписями на иностранном языке.

Методы научного исследования: поиск материала, изучение информации по теме, анкетирование, анализ, обобщение.

Работа над проектом происходила в три этапа. На подготовительном этапе была составлена основная информационная работа. На следующем втором этапе провели анализ значений и сравнение собранных надписей с разных точек зрения. На третьем и заключительном этапе были сформулированы выводы, оформлены результаты работ. В ходе работы мы смогли классифицировать надписи на одежде по категориям:

1. Любовь/Романтические отношения/Дружба: We are in love ; To love really, You will forever be my;
2. Города/Страны: Russia, New York, Paris, London, Tokyo;
3. Музыка/ Спорт: I love rap ; I love chicks that love techno, Super Champions, Just do it! Russian Team;
4. Природа/Экология/Окружающая среда: Clearwater, Magicbutterfly;
5. Мода/Дизайн/Бренды :Dolce and Gabbana, Kenzo, Reebok, Nike, Gucci, Moschino, Fila, Versace;
6. Позитивные/Негативные :Badboy ;Relax! No wonder everybody gives us dirty looks all the time.

Англоязычные надписи с лингвистической точки зрения можно разделить на следующие категории:

1. Повелительные предложения: «Follow me», «Don't forget me»;
2. Утвердительные предложения : «Weareinlove»;
3. Двусловные конструкции : «Magicbutterfly», «Musicaldrive»; аббревиатуры «D&G» от «DolceandGabbana»;
4. Сокращения: «Eco girl» от «Ecological girl»;
5. Имена личные: «Dolce and Gabbana»;
6. Географические: «New York Paris London Tokyo», «I love Paris».

Проведенный анализ смысловой нагрузки англоязычных надписей среди учащихся 5-11 классов показал, что не все учащиеся знают перевод текста нанесенного на одежду. В анкетировании участвовали 81 ученик 5-11 классов. По итогам данного анкетирования мы пришли к следующим результатам: 43% учащихся знают перевод надписи, которая у них на одежде, обращают внимание на надпись при покупке новых вещей; 57% затруднились перевести английские надписи, и никогда не задумывались о смысле того, что на них написано или же покупают данную одежду родители либо дарят в качестве подарка. Исследование также показало неразрывную связь языкового уровня с культурой самого человека.

Таким образом, можно констатировать, что большинство учащихся не придают особого значения надписям на их одежде. Чрезвычайно актуальным и важным является тот факт, что мы отвечаем за информацию, которую несем на себе, мы, в каком-то смысле солидарны с ней, становимся ее носителями в массы, и крайне неосмотрительно надеяться на то, что все вокруг не знают иностранного языка и не понимают, что написано на вашей одежде. Однако нашему исследованию удалось вынести на поверхность данную проблему и предложить подросткам задуматься, прежде чем купить очередную модную вещь с непонятным текстом.

Б.Э. Олжаев

КГКП «Электротехнический колледж» г. Семей
Руководитель – С.Б. Кадирбаева, преподаватель русского языка и литературы

ТЕМА МАНКУРТИЗМА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

В IV - V веках нашей эры Восточная Азия была охвачена процессом переселения. В этот период в Туркестане, в Западной Маньчжурии и Монголии возник союз кочевых племен, в который входили беглые рабы, обнищавшие крестьяне, дезертиры. Объединенные общей незавидной участью, люди были вынуждены владеть жалкое нищенское существование, поэтому сбивались в банды, промышляющие грабежом. Постепенно сборище бандитов превратилось в народ, вошедший в историю под именем жуаньжуаней. Это племя отличалось примитивными законами, отсутствием письменности и культуры, постоянной боевой готовностью и лютой беспощадностью. Жуаньжуани контролировали земли на север от Китая и стали настоящим проклятием для кочевой Азии и соседних государств. Манкурт – это человек, поработанный этим страшным народом.

"Манкурт, согласно роману Чингиза Айтматова "Буранный полустанок" ("И долгие века длится день") – взятый в плен человек, превращенный в бездушное рабское создание, полностью подчиненное хозяину и не помнящее ничего из предыдущей жизни. В переносном смысле слово "манкурт" употребляется для обозначения человека, потерявшего связь со своими историческими, национальными корнями, забывшего о своем родстве или, наоборот, человека помнящего о таком родстве, но ненавидящего свой собственный народ. В этом значении слово "манкурт" стало нарицательным и уже используется в публицистике. В русском языке появились неологизмы "манкуртизм", "манкуртизация", "деманкуртизация".

